



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

сальные свечи в фонарях еле мерцали, мокрая одежда, пропитанная соляным раствором, разъедала тело рабочего»[1, с.69]

Тяжелый труд изнурял работавших в шахтах рабочих. Они очень часто болели малярией, гриппом, ревматизмом и чахоткой. Тяжелый физический труд, плохие условия работы, болезни, полученные травмы нередко приводили к смерти рабочих. Соответственно, производительность труда рабочих была крайне низкой. Рабочие всеми способами пытались уклониться от работы в шахте, иногда даже пытались выразить свое недовольство, однако последнее подавлялось с помощью полиции.

Таким образом, первые попытки перехода к шахтной добыче соли оказались не удачными, вследствие того, что в то время была очень слабо развита техника и труд рабочих был неорганизован. Так, в конце 1820-х годов шахты были заброшены «Первые шахты Мариинская(1821) и Елизаветинская(1822) заброшены в середине 20-х гг.» [4,с.30], но их строительство, применение машин для откачки воды, а также сама эксплуатация шахт внесли большой опыт для будущего развития шахтной добычи соли.

Список использованных источников

1. Аксенов А.В. Соль-Илецкая // Ученые записки Оренб. гос.пед.ин-та. Оренбург: Изд-во ОГПИ, 1969. Вып. 31. С.3-29.
2. Ермогамбетова В.У. История изучения Илецкого соляного рудника в дореволюционный период / В.У. Ермогамбетова // Молодежь. Наука. Будущее.: сб. статей науч.-практич.конф., том I, Оренбург: издательство ОГПУ, 2016.-299с. С. 173-175.
3. Мильков Ф.Н. П.И. Рычков. Жизнь и географические труды. – М.: Гос. изд-во географической литературы, 1953. – 142 с.
4. От Илецкой Защиты до Соль-Илецка. - Оренбург «Орлита-А», 2009. - 150с.
5. Паллас П.С. Путешествия по разным провинциям Российской империи. П.С.Паллас.СПб.: Б.и., 1809. Ч.1. 140с.
6. Пушкарева Н.Л. Понимание истории повседневности в современном историческом исследовании: от Школы Анналов к российской философской школе / Н.Л.Пушкарева, С.В. Любичанковский // Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина. – 2014. – Т.4. История. – №1. – С.8-22.

ӘОЖ 94(574)

КОНШИН Н.Я. – ДАЛАЛЫҚ ӨЛКЕНІ ЗЕРТТЕУШІ

Жақан Назерке Қанатқызы

naz-28-07@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультетінің 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Е. Сайлаубай

Ақсүйектер әулетінен шыққан Н.Я.Коншин 1864 жылы Тверь қаласында дүниеге келген. Москва медицина университеті, одан соң Демидов юристік лицейінен студенттердің революциялық қозғалыстарын ұйымдастырушылардың бірі ретінде оқудан шығарылып, Бутырька түрмесіне қамалып, осы жерден Дала өлкесі Зайсанға жер аударылды. 1896ж. Семейге қоныс аударып, осы жерде өмірінің соңына дейін, 1937 жылға дейін өмір сүреді.

Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің құрылуына (1902 ж.31 наурыз) негіз болған Семей облысы статистикалық комитетінің жанынан ұйымдастырылған өлкетанушылар үйірмесіне жетекшілік етті. Статистикалық комитеттің хатшысы қызметінде жүріп, қазақ даласының әлеуметтік-экономикалық өмірі, табиғат байлығы, тарихы мен географиясына, археологиясына қатысты бай мәліметтер жинады. Қазақтың ұлы ақыны

Абаймен танысып, Н.Я. Коншиннің өтініші бойынша Абай «Орта жүз қазақтарының тарихы» атты материал шежіре дайындайды. [1]

1897 жылы Коншиннің жетекшілік етуімен Семей облысында халық санағы жүргізілді.

1920 ж. құрылған Семей губерниялық мұрағатының жетекшісі қызметін атқарды. Зерттеуші өңірдің тарихын зерттеудегі еңбегі үшін Орыс географиялық Қоғамының күміс медалімен марапатталды. Н. Я. Коншин қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне байланысты материалдар жинау мақсатында жасаған бірнеше экспедицияларының нәтижесінде 1890 ж. «Очерк экономического быта киргиз Семипалатинской области» атты еңбегін жариялайды.

Бұл еңбегінде қазақтар мен орыстардың Ертіс аңғары мен Семей өңіріне келіп қоныстануын баяндайды: «Кедейленген қазақтардың орыс қоныстарына орналасу себептері – малдардың болмауынан. Жайылымдықтарынан айырылған жергілікті халық өкілдері орыс казактары мен шаруаларына жалдануға мәжбүр. 1852 ж. Көкпекті станицасының тұрғындары – казактар шекара басқармасына қазақтардың шабындық пен егістікті талқандап, орман ағаштарын кесіп, арзанға сататынын айтып шағым түсірді. Нәтижесінде 1858 ж. қазақтардың бір бөлігі Көкпекті, Аягөз округтеріне, Горкий жүйесіне күштеп көшірілді,- деген құнды мәліметтер келтіреді.

«Малы мен жайылымдығынан, күн-көрісінен айырылған жатақтар қонысы өте жұпыны, аянышты.Қамыспен жабылған жертөле мен жыртық киіз үйлер бұлардың әбден күйзелгендігін көрсетеді», - деп қорғансыздарды ашық жақтайды. Н.Я. Коншин Ресейдің отарлаушы үкіметінің жергілікті халыққа деген нақты кемсітушілік саясатын бүкпесіз жазып, теңсіздік жағдайын көрсетті. Н. Я. Коншиннің бұл еңбектерінің Сібір газеттері мен журналдарында одан әрі жариялануына Дала генерал-губернаторлығы тыйым салды.

Зерттеушінің күні бүгінге дейін тарихи-ғылымдық маңызын жоймаған «Краткий исторический очерк Семипалатинского края до 1917 года» – атты еңбегінде XVII ғ. басы мен XXғ. басына дейінгі қазақтың Шығыс аймағындағы жергілікті халықтың жалпы тарихы, өлкені әскери, өнеркәсіптік игеру, орыс казактары мен шаруаларын қоныстандыру тарихын, патша үкіметінің жайылымдық жерлерді күшпен тартып алуы, оның жергілікті халық үшін зардаптарын нақты мәліметтер арқылы көрсетілген.

Сонымен қатар XVIII ғасырлардағы орыс-жоңғар қатынастарына талдау жасайды: Мысалы, «Жоңғарлармен бейбіт қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін 1721ж. Ямышевск камалын қоныстандырып, сауда қатынасын жасау туралы шешім қабылданды. 1734 жылы Қалдан- Серен қонтайшымен салықсыз сауда жасау туралы келісім жүргізілді, нәтижесінде орыс сауда керуендері Жоңғарияға келе бастады,»-деп бағалы деректер келтіреді. [2]

Орыстардың Ертістің жоғары ағысына келуінің негізгі себептерінің алғашқысы- Ямышев көліндегі Сібірдің мүддесі үшін тұз өндіру ісінің қажеттілігі болды. Біртіндеп бұл жерге Түркістан көпестері де келетін айырбас сауда алаңы пайда болды,»-деп жазды.

Н. Я. Коншин «Что дает Семипалатинские архивы для краеведения?» еңбегінде XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Семей өңіріне енген территориялардың өткен тарихына тоқталады. Зерттеушінің жазуынша Ертіс өзенінің оң жағалауындағы аймақтарды орыстар XVIII ғасырдың I ширегінен бастап игере бастаған. [3]

1782 ж. патша үкіметінің Орта жүз хандығына Уәли Абылайхановты тағайындауы қазақтардың орыстарға бағынуына еш әсер етпеді. Дәл осы жылы Қытай үкіметі Орда хандығына Ханқожа Барақовты бекітті. Орта жүздің нақты Ресейге қосылуы 1822 ж. «Сібір қазақтары ережесінің қабылдануымен басталады. Ереже негізінде 1824 ж. Қарқаралы, 1831 ж. Аягөз, 1844 ж. Көкпекті округтері негізделді деп жазды.

Коншин «Заметки о киргизских родах и султанах в Каркаралинском уезде» еңбегінде Қазақстанның Шығысы мен Алтай өңірлерін мекендеген Орта жүз руларының тарихын, қазақ сұлтандары мен билерінің шежіресін жасады. [4] Орта жүз руларын өздеріне қарату мақсатындағы Ресей патшалығы мен Қытай үкіметінің арасындағы қатынас барысын

көрсетті. Осы тұрғыда нақты мәліметтерді келтіреді: Батыс Сібір әкімшілігінің Ресей қарамағына өтпеген қазақ рулары ісімен айналасуы 1827 ж. генерал-губернаторлыққа Вениаминовтың тағайындалуымен басталады. Жаңа округтер ашу үшін Ертістің жоғары ағысына, Қалба тауларына отрядтар жіберілді. 1830 ж. Көкпекті өзенінің маңайына бірнеше ағаш үйлер тұрғызылды. Орыстардың Зайсан жазығына келе бастауы Букон шекаралық бекетінде орналасқан қытайлықтардың наразылығын тудырды. Кейбір қазақ рулары Ресей билігін мойындамай Қытай жеріне өтіп кетіп отырды. Сібір басшылығы сақтықпен әрекет етіп, округтық болыстықтар тұрақты түрде құрылғанша Аягөз қазақтарын салық төлеуден босатты. Бірақ мұндай игі шараларға қарамастан қазақтар жайылымдық жер үшін Қытайға өтуін тоқтатпады.

Н.Я. Коншин жергілікті халықтың еркіндігі мен бостандығын қолдады. Өз зерттеулерінде К.Қасымов көтерілісіне дейінгі Шығыс өлкесіндегі жергілікті патша әкімшілігінің қазақ жерлерін тартып алуына қарсы болған қақтығыстар мен наразылықтар туралы құнды мәліметтер береді. Зерттеушінің жазуынша 1827 ж. тамызда Қарқаралы округінің Байбура болысында жергілікті халық пен Кудрявцев басқарған казак отрядының қақтығысы болғанын, қазақтардан 672 түйе, 1997 жылқы, 1562 ірі қара, 12 мың қой тартып алынған. [5] Яғни жергілікті халықтың отарлық езгіге қарсы күресінің XIX ғ. басынан-ақ басталғанын, одан әрі Кенесары қозғалысына ұласқанын баяндайды. Осыған қатысты нақты деректер келтіреді: Мысалы, XIX ғ. 20 ж.-да бұл Ордада Ресей округтерінің ашылуымен қазақтардың қарсылығы басталады. Олар өз жерлерін тастап, оңтүстікке, Ресей құрамына ене қоймаған Балқаш жағалауына жаппай қоныс аудара бастады деп жазды. Одан әрі К. Қасымов қозғалысының Шығыс өңірі қазақтарынан қолдау тапқандығын көрсетті. Аягөз округінде Ресей үкіметіне қарсы белгілі сұлтан Сиванқұл Ханқожин ғана қарсы шықты. Бұл толқу Қарқаралы округімен ғана шектеліп қоймай, көршілес Баянауыл округіне де тарады. Зерттеушінің осы мәліметтері азаттық көтерілісінің жалпы халықтық сипатқа ие болғанын, қозғалысты қазақ халқының барынша қолдағанын толық дәлелдейді. Аталған болыстықтың қазақтарын жазалау мақсатында князь Горчаков 1838 ж. қоныс аударған қазақтарға айып салуға арналған арнайы нұсқау қабылдады.

Зерттеушінің жоғарыда сараланған зерттеулері еліміздің Шығыс өлкесінің XVIII-XIX ғғ. кезеңіндегі тарихын оқып-біліп, оған талдау жасағысы келетіндер үшін аса бағалы мәліметтер болып табылады.

Н.Я. Коншинді – ағартушы ғалым, өлкетанушы, мәдениеттанушы, этнограф, фольклоршы, отаншыл патриот, ұлтжанды, ұлттар теңдігін насихаттаушы, отарлық езгіге қарсы шыққан өз заманының ірі тұлғасы деп айтуға болады толық негіз бар. Зерттеушінің еңбектері осы уақытқа дейін қазақ тіліне аударылмаған, ғылыми айналымға енгізілмеген тың деректер болып табылады. Өз кезеңінде Кеңес үкіметі кезінде де Коншиннің зерттеулері жеке шығарма ретінде басылып шықпады.

Н.Я. Коншиннің тарихи-этнографиялық мұрасы – өлкетануға, Отандық тарихқа зор үлескен. Танымал тұлға Қайым Мұхамедханов Н. Я. Коншин туралы: «Ол өте білімді және мәдениетті адам. Қазақ тарихы мен өлке тарихы бойынша көп еңбек сіңірген көрнекті оқымысты, терең зерттеуші. Оның мінезінің ерекше бір тұсы адалдық, адамгершілік пен ізгілік. Ол қазақ халқының жақсы бір досы болды»- деп естелік жазады. [6]

Көрнекті зерттеуші Н. Я. Коншиннің толық зерттелмеген мұраларын мұрағат деректері арқылы аша отырып, нақты бағасын беру болашақтың ісі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тусунбаева Т. Они были первыми: [К 100-летию со дня основания Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела русского географического общества] // Арна.- 2002-29 марта. - С. 8; 5 апр.- С. 8.

2. Коншин Н. Я. Записи Семипалатинского подотдела Запад. Сибирского отд. Русско-гогеограф. Общество, 1905. Т-1, С. 1-9.
3. Коншин Н. Я. «Что дает Семипалатинские архивы для краеведения» Семипалатинск., 1902.
4. Коншин Н. Я. «Заметки о киргизских родах и султанах в Каркаралинском крае «Памятная книжка Семипалатинской области 1901 года. Семипалатинск., 1901, с-1-89
5. Ш.Қ.О. СҚҚЗТҚМ №72 қор, 1 тізбе, 2 іс.
6. Камиева Г. Б. Қазақ этнографиясын зерттеу тарихынан(XVIII-XIX ғғ.): Оқу құралы.- Ақтау, 2010, 75 б.

УДК 94(5)

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АЛТАЙ ЖЕРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІ ҚҰРЫЛЫС ИНДУСТРИЯСЫ

Жумакулова Нурсулу Уразбайқызы

nzhumakulova@bk.ru

Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Институты, Павлодар, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.Сыздыкова

Тарихымызда біздің заманымыздан бұрынғы екі мың жылдықта қазақ жерін және Алтайды мекен еткен тайпалардың өмірінде үлкен өзгеріс болды. Ол өзгерісті тайпалардың құрылыс индустриясынан байқауымызға болады, яғни, бұл өзгеріс тас құралдан – металл құралдарына көшуден бастау алады. Сол кездегі тайпалардың бұл жетістігі мыс металлургиясын игеруге өз септігін тигізді.

Қола дәуірін, және ондағы мәдениеттерді зерттеген ғалымдар Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, Ә.М. Оразбаев, Ә.Т. Төлеубаев, Г.К. Омаров, А.З. Бейсенов, К.В. Сальников, О.А. Кривцова-Гракова, С.С. Черниковтар болды. 1929-1930 жылдары Б.Н. Жданов, П.И. Преображенский және Н.П. Орловалардың қатысуымен Көкшетау облысында Ақкөл көлінің маңында 13 қоршаудан 22 қабір қазылған. 1931-1939 жылдар аралығында О.А. Кривцова-Гракованың жетекшілігімен Қостанай облысы жеріндегі Алексеев қонысында, қорымында және ғұрыптық орындарда жүргізілген зерттеулер Қазақстан жеріндегі ең алғашқы қолға алынған кешенді жұмыс болып саналады. Сол ескерткіштердің жинақталған мәліметтері бойынша 1948 жылы өзінің үш хронологиялық сатыдан тұратын Андронов мәдениетінің кезеңдемесін жасады. Сондай-ақ, андронов тарихи-мәдени қауымдастығына жататын Упаис, Ақымбек, Домалактас, Лисаковское, Ташек, Майоровка, Энтузиаст және т.б. ескерткіштер ашылды. 1960-1970 жылдары қола дәуірін зерттеуге Ә.М.Оразбаев өз үлесін қосты. Ә.М.Оразбаев зерттеулерінде Қазақстанның Солтүстік және Орталық өңірлерінен қола дәуірінің ірі жеті қонысын қазып оның үшеуінің Бұғылы, Шағалалы, Суықбұлақ қоныстарына таза ғылыми тұрғыда жаңғыртпаларын жасады. Бұл үш қоныстың жаңыртпасының жасалуы Отан тарихында ең алғаш көне ескерткіштерді және тұрғын үй құрылысын қалпына келтірудің бастамасы еді. Қоныстардың, үйлердің осы қайта қалпына келтірілген түрі ғылыми әдебиеттер мен оқулықтардың және мұражайлардың көркемдік құнды дүниесіне айналды. Қола дәуірі қоныс құрылыстары қазақ халқының қыстау құрылыстарына өте ұқсас келеді, қазақтардың тастан немесе саман кірпіштен салынған құрылысын, оның іші сырты сазбен сыланатынын, үсті бөрене ағаштармен, шөппен және күл топырақпен жабылатынын салыстырды. Ә.М. Оразбаев көп жылдық зерттеулерінің нәтижесі ретінде әсіресе қола дәуірі қоныстарына, шаруашылығына берген бағасын Солтүстік Қазақстан жеріндегі 1964-1967 жылдар аралығында Шағалалы қонысының зерттеулері көрсетеді. Шағалалы қонысы Көкшетау облысы, Шағалалы өзені жағалауында 16 қоныс үй